


2 бет >>>>>



**ХАЛЫҚТЫҢ
БІРЛІГІ-ЕЛІМІЗДІҢ
АЛҒА БАСУЫНА
СЕБЕП**

3-бет >>>>>



**ҚАРИЯЛАРҒА
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖАСАЛДЫ**

4-бет >>>>>



**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРҒАНЫ ӨКІЛДЕРІНЕ
АРНАЛҒАН СЕМИНАР
ӨТТІ**

5-бет >>>>>



**БІЛМЕГЕНДІ
СҰРАҒАННЫҢ
АЙЫБЫ ЖОҚ**

18 қазан

Рухани келісім күні



**Атырау облысы Дін
істері басқармасының
басшысы Көшқалиев
Қайролла Дүйсешұлы-
ның құттықтау сөзі**
**Құрметті
атыраулықтар!**

Тәуелсіз еліміздің ынты-мақтастығын арттыратын 18 қазан-Рухани келісім күні баршаңызға құтты болсын!

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері бұл мереке адамдар арасындағы жарасымдылықты нығайту, өзара түсіністікті орнату, жақы-

ның қайырымдылық жасап, көмек көрсету күні ретінде жыл сайын атап өтіледі.

Бұл күн біздің ұлтымыз бен ұстанатын дінімізге қарамастан қоғамымыздағы тұрақтылық пен келісім жолында баршамызды біріктіріп отыр. Еліміздегі бейбітшілік пен келісім - бұл халқымыздың өміріндегі айшықты ақиқат пен айқын көріністер. Еліміздегі барлық конфессиялар және этностар арасындағы келісім - қазақстандықтар-

дың болашаққа зор үмітпен қарауына негіз болды.

Қай елде ынтымақ пен бейбітшілік болса, сол елдің өркениетке қол жеткізетіні тарихтан белгілі. Түрлі ұлт пен ұлыс, дін өкілдерінің мекендегіне қарамастан облыс өңірінде де рухани құндылықтар үйлесімін тауып, толассыз даму үстінде. Облыс аумағында тіркелген діни бірлестіктер мен діни конфессиялар ел игілігі үшін өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізуде. Қоғамдық келісімнің осы көріністерінің тұрақты қалыптасуы жолында әрқайсымыздың қосатын үлесіміз салмақты.

Құрметті жерлестер!

Осы мереке қарсаңында әр шаңыраққа отбасылық береке-бірлік, зор денсаулық тілеймін. Рухани келісім күні - көп ұлтты мемлекетіміздегі бірлігімізді бекемдей түсетін игілік пен өркендеу күндеріне айналсын!

ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ - ЕЛІМІЗДІҢ АЛҒА БАСУЫНА СЕБЕП

Қазақ елі өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге сан мәрте дәлелдеді. Енді басты міндет- мемлекеттің өркендеп өсуі болса, Қазақстанды «Отаным» деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс деп есептеймін.

Елімізде жүзеге асып жатқан әртүрлі реформалар мен бүкіләлемдік съездер, қабылданып жатқан

жаңа заңнамалардың бәрі де жарқын болашақ үшін. Осы орайда, 1992 жылы елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы рет аталып өтіп, өзімен бірге қайырымдылық істерге қолғанат болудың жаңа миссиясын алып келген Рухани келісім күнін ерекше атап өткім келеді. Ізгілік пен мейірімділікке жол салған осынау бастама бүкіл ел көлемінде

жалғасын тапты. Қазіргі таңда бейбітшілік пен ынтымақтың күшейіп, елжандылық пен елдігіміздің дамуы үшін конфессияаралық төзімділіктің мән-маңызы зор.

Ұлан-байтақ Қазақ жері көп ұлтты, көп конфессиялы, әлденеше мәдениеттер тоғысқан мемлекет екені баршаға мәлім.

(жалғасы 2 бетте)



ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ - ЕЛІМІЗДІҢ АЛҒА БАСУЫНА СЕБЕП

(басы 1 бетте)

Тәуелсіз Қазақстанымызда 140 этнос бейбітшілік пен келісім негізінде өмір сүріп келеді. Елімізде кеңінен қанат жайған ұлттық және конфессияаралық келісімнің үлгісі халықаралық қауымдасстықты қызықтыратын ерекше маңызды ұсыныстардың жасалуына себеп болды.

Этносаралық және конфессияаралық келісімде қазақ елі көпке үлгі. Сондықтан, бұл көрініске қызығушылық танытып, сырын білуге асық болған елдер қаншама. Қазіргі қоғам әлеуметтік, этностық және діни дау-дамайлар себебінен мемлекеттік және әлеуметтік құрылысты тұрақсыздандыруға жасырын ықпал ететін көптеген қауіптерге толы. Ал, Қазақстан - діни алауыздықтың туындамауына жол бермей отырған бірден бір мемлекет. Тұңғыш Елбасының игі бастамасымен елімізде қалыптасқан дінаралық татулық, ұлтаралық келісім – ширек ғасырға татитын тәуелсіз еліміздің жеткен басты жетістіктерінің бірі.

Рухани келісім көптеген елдер үшін бірінші кезектегі міндет екенін ескерсек, бұл жағдайда Қазақстан ұлттық бірлігіне негізделген тұрақтылықты көрсетіп отыр. Елімізде өмір сүретін этностардың ауызбіршілігі мен төзімділігі қазақстандықтар үшін егемендік құру жолындағы күрделі кезеңдерден өтуге жәрдемдесті және әлі күнге дейін ел дамуына үлкен күш-қуат беріп отыр. Рухани келісім, ұлттар мен дәстүрлі діндер



арасындағы бірлік – біздің баға жетпес байлығымыз. Берекелі күнге бірліктің арқасында жеттік. Елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші халықтардың өзара татулығы негізінде дами түсетіні анық.

Көпшіліктің тіліне тиек болған «жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, діні басқа болса да Отаны бір» қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп, азаматтық бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді сақтап, татулық пен сенімділікті серік етудің арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері қарай басып келеді.

Жалпы алғанда, ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қалуға әртүрлі саяси-экономикалық, әлеуметтік, діни, этникалық, тілдік тағы басқа да факторлар әсер етеді. Осы орайда айта кететін жайт, өз қандас бауырларымызды өзектен теппей қоғаммен араластыру мәселесі еді. Соның бір айғағы ретінде, өздеріңізге мәлім жыл басында Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен «Жусан» арнайы гуманитарлық акциясы жүзеге асырылған бола-

тын. Арнайы операция негізінде Сириядағы қақтығыс аймағынан 24 әйел мен 37 бала елге қайтарылды. Күні бүгінге дейін оларға теологиялық, психологиялық көмектер көрсетіп, қоғамдық ортаға бейімдеу, өткенімізді ұғындыру, рухани құндылықтарымызды түсіндіру мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмыс жүргізудеміз.

Мәселен, тарихи дәстүрімізді таныту мақсатында әйелдер мен олардың балалары өркениет ошағына айналған шаһар «Хан ордалы Сарайшық» тарихи-мемориалды кешеніне сапар шегіп, мұражайдағы тарихымызды түгендеп, өткенімізге баға беретін тарихи жәдігерлерге куә болды.

Сонымен қатар, қақтығыс аймағынан оралған әйелдерге әлеуметтік оңалту жұмыстары бойынша жан-жақты консультативтік көмек көрсету мақсатында «Ашық есік күні» қоғамдық қабылдау шарасы ұйымдастырылды.

Атырау облысы Дін істері басқармасының қолдауымен Ішкі саясат басқармасының жанындағы «Азамат-

тық орталықпен» көпбалалы, жалғыз басты аналар, аз қамтылғандар санатына жататын әйелдердің қысқа уақытта білім алуы үшін «Іскер ана» жобасы аясында қақтығыс аймағынан оралған әйелдер әр түрлі мамандықтарды игерді.

Қақтығыс аймағынан оралған отбасыларға қайырымдылық шаралары жиі ұйымдастырылып тұрады. «Мектепке жол» акциясы аясында қақтығыс аймағынан оралған отбасының 50 баласына мектеп құрал-жабдықтары, мектеп формасы және қаржылай көмекпен қамтамасыз етілді.

Біз өзімізге төнген қауіп-қатерлерді қазақы болмысызбен ғана сақтап қала аламыз. Саналары уланып, сергелдеңге түскен қандастарымыздың жағдайына еліміз үлкен түсіністікпен, жауапкершілікпен қарап, олардың қайтадан қоғамға бейімделулері мол мүмкіндік туғызды. Бұл ұлтымызға тән, қанымызға дарыған үлкенге ізет көрсету, кішіге қамқорлық таныту, татулық, достық, ауызбіршілік пен мәдениеттілік тәрізді ізгі ортақ рухани құндылықтарды бір арнаға тоғыстырғанын белгісіз деп білеміз.

Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату – еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

**Гүлмира
ҚОЖАҒҰЛОВА**

**Атырау облысы Дін
істері басқармасы
Ақпараттық-талдау
орталығының
басшы орынбасары**

ҚОҒАМДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Облыстық ақпараттық-түсіндіру тобының жұмыс жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 10 қазанында Мақат ауданында «Қоғамдағы бала тәрбиесі» тақырыбында Бәйгітөбе мектеп-балабақша кешенінің оқушыларымен және ата-аналармен кездесу өтті. Кездесуге облыстық Дін істері басқармасы Ақпараттық-талдау орталығының маманы Р.Алиева, АТТ мүшелері Қ.Мыңтұрғанов, Р.Үмбетова, «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қорының теологы Ш.Темірқұлұлы, аудандық ішкі саясат бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ж.Сарбасов қатынасты. Жиында сөз алған ардагер ұстаз Р.Үмбетова, ақпарат-



тық-түсіндіру тобының мүшесі Қ.Мыңтұрғанов өздерінің өмірлік тәжірибелерін ортаға сала отырып, бүгінгі күні бала тәрбиесіндегі кейбір олқылықтарды атады. Көпті көрген жандар көңілдерінің көп нәрсеге толмайтындығын, әсіресе ата-анаға сөз қайтару, уақытын телефонға телмірумен өткізу секілді

негізгі мәселелерді сөз ете отырып, өз замандарындағы ата-ананың айтқысы келгенін «қас пен қабағына қарап» ұғынатын күндердің келмеске кеткенін еске алды. Жыл өткен сайын еліміздің түкпір-түкпірінде жастар тарапынан орын алып жатқан түрлі сорақылықтар мен айтуға ауыз бармайтын статис-

тикалық деректерге қапаланатындарын жеткізген ардагерлер оқушыларды өз әдебін сақтап, ұлттық құндылықтардан айнымауға шақырды.

«Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қорының теолог маманы Ш.Темірқұлұлы бала тәрбиесінің ислам дініндегі орны туралы, ата-анаға тіпті «туф» деп айтудың өзі Құран аятымен қатаң тыйым салынғанын тілге тиек етіп, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мақал-мәтелдерін асыл дінімізбен ұштастырды.

Жиында оқушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға жауап алды. Сондай-ақ, қосымша ақпараттық-танымдық материалдар таратылды.

ҚАРИЯЛАРҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАЛДЫ



Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдарының біз үшін орны бөлек. Себебі әрқайсысының ел үшін өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі мен еңбектері ерен.

1 қазанды біз жылы және жүрекжарды мереке ретінде атап өтіп, қарттарға деген жылылықты сезінеміз. Аға буындар және бүгін-

гі ұрпақ қарттардың теңдесі жоқ ерлік істері мен отансүйгіштіктерін мақтан етеді. Осыған орай Атырау облысы Дін істері басқармасы Ақпараттық-талдау орталығының ұйымдастыруымен Қарттар күніне орай «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты мерекелік қайырымдылық шарасы өтті.

Шараның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен қарттарға сый құрмет көрсету, қолдау жасау, мерекелік

көңіл - күй сыйлау. Аталған шараға Атырау облысы Дін істері басқармасы Ақпараттық-талдау орталығының басшысы М.Құбышев, Орталықтың бөлім басшылары А.Бақтығалиев, Е.Боранғалиев, орталық мамандары А.Серіков, Р.Алиева қатынасып, белсене ат салысты. Шара барысында облыс бойынша 30 қарияға азық-түлік пен бағалы сыйлықтар табыс-талды. Қазіргі таңда қариялардың әрқайсысының тағ-

дыры әртүрлі. Қартайған шақтарында немере-шөберелерінің ортасында отырмай, жалғызбасты күн кешуі көңіл қынжылтады. Алайда, осы келеңсіздіктерді діни тұрғыда түсіндіріп, оларға рухани азық сыйлауға асыққан Орталық мамандары қарттардың батасын алып, қарияларға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Көмек алған қариялар мерекеге орай ұйымдастырылған шараға жылы лебіздерін білдірді.



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР ӨТТІ



Атырау облысы Дін істері басқармасының ұйымдастыруымен Атырау қалалық Ішкі істер басқармасының мәжіліс залында 8 қазан күні Атырау облысы бойынша Ішкі істер департаментінің қызметкерлеріне және облыстық Жергілікті полиция қызметі құрамына арналған семинар өтті. Жиынға Атырау облысы Дін істері басқармасының басшысы Қ.Көшқалиев, Атырау қаласы Ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары Е.Биғамбаев, Атырау облысы бойынша Ішкі істер департаментінің қызметкерлері мен облыстық жергілікті полиция қызметінің құрамы қатынасты. Семинар барысын-

да облыстық Дін істері басқармасының басшысы Қ.Көшқалиев қатысушыларға жат ағымды дәстүрлі діннен қалай ажырату керектігі жөнінде түсіндіріп, деструктивтік діни ағым өкілдерінің сыртқы бет-бейнесі мен белгілерін сипаттап, олардың іс-әрекетінің алдын алу бағытындағы мақсаттандырылған жұмыстарға тоқталды.

Басқарма басшысы өткен жылы әлеуметтік желілерге мониторинг жұмысын күшейту үшін «Kazdream Media» компаниясы әзірлеген «Интернет-карта» жобасы енгізіліп, аталған карта негізінде қауіпті діни мағлұматтарды автоматтандырылған түрде жинау және сараптау қарастырылғанын, осы арқылы псевдосалафизм идеологиясы таралуын бақылауға, қауіпті ак-
каунттарды анықтауға, деструктивті діни ағым ұстанушылар таратқан уағыздарын анықтап, жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретінін баса айтып өтті. Деструктивті діни ағым өкілдері интернет ресурстарын өте тиімді пайдаланатындығын ескермеуге болмайды. Жат діни ағым өкілдерінің діни сайттары мен әлеуметтік желілерде көптеген топтары бар екені белгілі. Яғни, әлеуметтік желілерде теріс діни ағымдарды таратып, бөлісуге болмайтындығына тоқталып, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының талаптары, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 453 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын жеткізді.

ФЛЕШМОБ АКЦИЯСЫ МАХАМБЕТ АУДАНЫНЫҢДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Атырау облысы Дін істері басқармасы Ақпараттық-талдау орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жастар діни экстремизм мен терроризмге қарсы» атты флешмоб акциясы ағымдағы жылдың 5 қазанында Махамбет ауданында жалғасын тапты.

Облыс тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру, экстремизмнің алдын алу, дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау мақсатындағы акцияға Махамбет ауданына қарасты Махамбет балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және ауданның спортшылары белсене атсалысты.

Шараға аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Е.Андашев, Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Сисенов, Махамбет балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры А.Құмарұлы, Балалар-жасөспірімдер спорт клубының басшысы Э.Сағындықов және ауданның спорт жаттықтырушылары қатынасты.

Ақпараттық-талдау орталығының маманы С.Құжырбаев шараның мақсаты мен міндетіне тоқталды. Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Сисенов жастарды, спортшыларды терроризмнен аулақ болуға, онымен



бірлесе күресуге шақырды. Шараға қатысушы спортшылар «Біз экстремизм мен терроризмге қарсымыз!» деп ұрандап, спорттық өнерлерін ортаға салды.

Шара соңында ұйымдастырушылар қатысушы жастарға, шараның өтуіне

мұрындық болған аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі басшылығына алғыс білдіріп, егемен еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға шақырды. Флешмоб акциясы 100-ге жуық аудан жастарын қамтыды.



ОРТАЛЫҚ ҰЖЫМЫ АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақтан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінің ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 10 қазанында «Интернеттегі деструктивті көріністерге қарсы әрекет ету бойынша мемлекеттік органдардың жұмысында жаңа технологияларды қолдану» Киберқадағалау» тақырыбы бойынша Нұр-сұлтан қаласында семинар өтті.

Семинардың мақсаты интернет-кеңістікте құқыққа қарсы идеяларды насихаттауға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекет-



тік органдардың жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай тәсілді әзірлеу. Семинар барысында деректерді беру

және өңдеу жылдамдығын арттыру жолымен Интернет желісінде құқыққа қарсы материалдарды анықтау,

есепке алу, бағалау және бұғаттау бойынша мемлекеттік органдар жүргізетін жұмыстарды жүйелеу және оңтайландыру мәселелері талқыланды.

Семинар жұмысының соңында облыс әкімі Ноғаев Нұрлан Асқарұлына және облыстық Дін істері басқармасы мен Ақпараттық-талдау орталығының ұжымына «Интернеттегі діни экстремизмді насихаттауға қарсы іс-қимыл саласындағы отандық инновациялық шешімдерді әзірлеуге қосқан елеулі үлесі үшін» алғыс хат берілді.

САУАЛ

БІЛМЕГЕНДІ СҰРАҒАННЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ



Сұрақ: Сәбидің маңдайына күйе жағуға бола ма?

Жауап: Өмірде «көз тиіпті», «назарланып қалыпты» деген сияқты сөздерді естіп жүрміз. Расында да, егер адам бір нәрсеге тамсана, қызғаныш араласқан сезіммен қарайтын болса онда назар нысанына түскен зат (сәби, ересек адам, жануар т.б.) зиянға ұшырайды. Қызғаныш, жамандық пен көреалмаушылық сияқты қасиеттер араласқан назар, зиянды. Әрине, оның кесірі Алланың рұқсатымен ғана болады. Дегенмен, адам баласы мұндай назардан

сақтанғаны жөн. Әбу Һурайран жеткен хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Көздің тиюі – ақиқат», – деп айтқан. Тіпті, Жәкіп пайғамбар өзінің ер жеткен балаларына көз тимесі үшін былай деп айтқан: «Әй балаларым! Қалаға бір қақпадан кірмей бөлек-бөлек қақпардан кіріңдер. Онымен қатар сендерден Алланың бұйрығынан еш нәрсені кетіре алмаймын. Үкім Аллаға ғана тән. Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін». Себебі, Жәкіптың он екі баласы бар еді. Егер де олар жиналып қаланың бір қақпасынан кіретін болса, халық тамсанып қарайды, көз тиюі мүмкін деп қорыққан. Байқағанымыздай назарланудан пайғамбарлардың өздері де сақтанған. Көз тиюдің салдары ауыр, кейде қайғылы жағдайға алып

келеуі мүмкін. Жәбірден келген риаятта Алланың елшісі (с.ғ.с.) былай деп айтқан: «Назар деген – адамды қабірге апарады, түйені жерге құлатады». Хадисте айтылғандай көздің тиюі адамды ғана емес, ірі әрі үлкен түйе сияқты жануардың өзін өлтіреді екен. Көз тию және одан сақтану жолдарына қатысты жазылған діни әдебиеттерде мынадай мәшһүр хабар келген: «Бір күні халифа Осман ибн Аффан өтіп бара жатып, сүйкімді сәбиді көреді. Кейін: «Көз тимесі үшін мына сәбидің иегіне қарамен түртіп қойыңдар», – деп айтады. Сондықтан да кейбір халықтар сәби балаларға көз тимесі үшін күйе жағады. Кейбір кезде күйенің орнына баланың бас киіміне, кеудесіне жалт-жұлт еткен таққыншақ тағып қояды. Бұл күйе немесе таққыншақтың көзден

сактайтын қандай күші бар? деп айтуыңыз мүмкін. Бұлардың дербес ешбір күші жоқ, бірақ, бұндағы мақсат – балаға қараған кісінің алғашқы назары сол таққыншаққа немесе күйеге қарап, ойы бөлінеді. Сөйтіп, адамның көзі еріксіз әлгі әдемі әшекейге немесе қара күйеге түседі. Абзалы көз тимеуі үшін сақтанатын Пайғамбардан (с.ғ.с.) қалған арнайы дұғалар бар. Сәбиді көпшілік орынға немесе басқалардың алдына шығаратын уақытта сол дұғаларды балаға оқып қойған дұрыс.

Қазақтың шақалақты қырқынан шықпайынша ешкімге көрсетпеуінің сыры да осында болса керек. Себебі, сәби ол уақытта өте әлсіз және тез назарланып қалады.

**Жалғас
САДУАХАСҰЛЫ**



ЖАСТАРДЫ РУХАНИ ЖЕТІЛДІРУ АДАСУШЫЛЫҚТАН САҚТАЙДЫ

Қазақ ұлтының рухани бай мұраларымен астасып, салт - дәстүрімен сіңісіп кеткен ислам дінін бүгінде кейбір ағымдардың жетегінде кеткендер бұрмалап, қазақтың бар болмыс - бітімін жоққа шығаруға тырысуда. Соның әсері болса керекті, кейбір жастарымыз ұлттық құндылықтардан бойларын алшақ ұстауға дағдылануда. Бұл кеселдің алдын - алу өзін зайырлы мемлекет деп таныған қазақстандық қоғам үшін өте маңызды мәселеге айналып тұр.

Дәстүрлі құндылықтар ұлттық болмысты, ұлттық мінезді қалыптастырады. Дін мен дәстүр бірлігі – ұлт болашағының кепілі. Діни мүдде мен ұлттық мүдденің тоғысқан тұсы да осында еді. Қазіргі кезде діни сауатталылықтың төмендігінен көптеген жастардың басқа теріс ағымдарға түсіп, имамдарға қарсы шығу, ата-аналарына қарсы келу немесе намазға бет бұрмаған адамдарды кәпірге санау, асты тандау сияқты қайшы іс – әрекеттерге бой алдырып



жүрген жастар көбейіп келеді. Әдетте тура жолдан тайғандар дені жастар. Өйткені, олар әлеуметтік желілерде кез келген ақпаратпен миын улап, өз білгендеріне салуда. Кеңес заманында өмір сүрген ата-аналардың көбі дерлік дін мәселесін түсіне бермейді. Сондықтан ата-аналардың да діни сауаттылығын арттырсақ артық болмас еді.

Осы орайда біз қоғамға қол ұшын беруіміз қажет. Деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекеттері мен зияндылығының алдын алу үшін ұлттық дәстүрге, ұлтаралық қатынастарға арналған түрлі

тақырыптарда видеоөнімдер, видео дискілер, буклеттер дайындалып тартылуда. Тыйым салынған кітаптардың жолына тосқауыл ретінде адамзатты сақтандыру мақсатында ағымдағы жылдың III тоқсаны бойынша Ақпараттық-талдау орталығынан дайындалған кітап және кітапшалар саны- 2090 дана, бүктеме - 979 дана, бейнеролик - 22 дана, сонымен қатар, аймақтық қоғамдық – танымдық «Дүрбі» газетінің 4800 данасы, «Руханият әлемі» газетінің - 9000 данасы облыс тұрғындары және мешіт жамағаттарына таратылды. Барлығы 19791 дана

ақпараттық-әдістемелік материалдар ақпараттық-түсіндіру тобының жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-шараларға қатысушыларға, студенттерге, облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік мекемелерге таратылды. Қазақ жастары үшін дәстүрлі дінімізден бас тартып, басқа дінді қабылдауы, яки радикал ұйымдарға қосылып кетуі ұлттың өркендеу үрдісіне кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан да, әлеуметтік жаңаруда зайырлылық принципін алға тарта отырып, жастардың рухани дүниесін зерттеу арқылы тәрбие жұмыстарын жүргізу маңыздылығы туындап отыр. Қорыта келгенде, жастар арасында лаңкестік пен экстремизмге және басқа да теріс ниеттегі ағымға қарсы иммунитет қалыптастыру арқылы кез келген жат идеологияның таралуына тосқауыл бола аламыз.

Жарқынбек БИЯШОВ
Ақпараттық-талдау орталығының бөлім басшысы



ТЕРІС ДІНИ АҒЫМНАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

- Кез келген орында заңсыз діни кітаптар, діни журналдар, діни кітапшалар, діни парақтар таратылғанын байқасаңыз;
- Беймәлім адамдар діни ақпарат таратып, сізді үйіңізге келіп, көшеде тоқтатып, дінге шақырса;
- Көшеде, қызмет орындарында діни уағыздау әрекеттерін байқасаңыз;
- Дін мәселесі жөнінде сауалдар туындаса.

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНА» ХАБАРЛАСЫҢЫЗ!**

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7122) 46 74 43
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 8(71237) 5 09 17**



Мекен-жайы: Атырау қаласы,
Алмағұл ы/а, 4 үй

 МЕНШІК ИЕСІ: АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМА- СЫНЫҢ «АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ – НІҢ БАСШЫСЫ М. Құбышев	БАС РЕДАКТОР: Г. ҚОЖАҒҰЛОВА Жауапты хатшы: Э.Ашетова Тілші-корректор: А. Жексенова Әрлеуші: О. Изғалиев	Редакция авторлар- дың көзқарасы, жеке пікір дәйектемелері үшін жауап бермейді. Қолжазбалар қазақша өңделеді және авторға қайтарылмайды.	Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Алмағұл ы/а, №4 үй Телефоны: 8 (7122) 46 74 43 8 (7122) 46 74 4 Факс: 8 (7122) 46 74 75 Эл. пошта: ato_atyrau@ mail.ru www.centre-ato.kz
Газет Атырау облыстық Дін істері басқармасының «Ақпараттық – талдау орталығында» теріліп, орталық баспасында шығарылады. Таралымы: 1500 дана			